



отын-шикізаттық құрамдас бөлігіне ешқандай қауіп төнбейді және де ДСҰ құрамына қосылу отын-шикізаттық ресурс-тардың отандық экспортына әсер етпейді деп болжанған. Бірақ, ол кезде де ресурстар сапасына және баламалы ресурстарға байланысты қауіптер болған. Бүгінгі күні біз экспорттың шикізаттық бағытталуы мен әлемдік үдерістің ел экономикасына кері әсер етіп отырғандығын байқаймыз. Осы орайда, Ресейдегі санкциялармен және 2013 жылғы дамыған елдердегі ұлттық өндірушілерге берілетін дотациялардың тоқтатылуына байланысты қалыптасқан ауыл шаруашылығындағы үдерістерді ескере отырып, бізге әлемдік нарықта ауыл шаруашылығы өнімдерін белгілі экспорттаушы болуға мүмкіндік беретіндігін де ескеру қажет. Бұл жағдайда біздің ауыл шаруашылығындағы өндірушілер өндіріс шығындарын қысқарта отырып экспорттық тауашаны экологиялық таза тауарларды өндіруден іздеуі қажет, өйткені әлемдік нарықта олардың бағасы қарапайым тауарларға қарағанда бірнеше есе жоғары болып табылады.

Экспортта қарастырылатын басқа баптардың қатарына ДСҰ мүшесі болып табылмайтын Орталық Азия аймағы елдеріне жеткізілетін дән және ұн түріндегі тауарларды жатқызуға болады. Әлемдік нарықтың басқа тауашалары бөлінгендіктен экспорт өсімін күту күрделі мәселе болып табылады. Егер де, Қытай мен Қырғыстанға экспорттайтын болсақ, бұл елдерден келетін импорт көлемін бірдей дәрежеде ұлғайтуымыз қажет. Бірақ, отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне бұл елдерден келетін арзан әрі сапалы өнімдермен бәсекелесу қиындық тудырып отыр.

Осы ретте, АҚШ-та және басқа да дамыған елдерде ауыл шаруашылығын тікелей және жанама қолдаудың деңгейі Қазақстанға қарағанда жоғары екендігі бәріне мәлім. Еуроодақ елдерінде ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне берілетін мемлекеттік субсидиялар мөлшері ауылшаруашылық өнімдерін өткізу көлемінің 45%-ын құрайды. АҚШ-тағы фермерлерді тікелей және жанама қолдау деңгейі барлық фермерлік шаруашылықтармен алынған пайданың жалпы сомасының көлемімен салыстырмалы түрде болады. Қазақстан ауылшаруашылығындағы кіші және орта бизнесті қолдау деңгейі өте төмен. Дегенмен ДСҰ-ға кіру шарттарының бірі ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне бөлінетін дотациялар көлемін азайту болғандығын да ескеруіміз қажет. Сондықтан, қазіргі таңда ауылшаруашылық ұйымдарының көпшілігі банкроттық шегінде жұмыс істеуде, олардың өзіндік қаражаттары жеткіліксіз болғандықтан, өндірісті кеңейту, ауылшаруашылық техникасын жаңар-

ту, жаңа техно-логияларды енгізу сияқты мәселелерді қарастыруы мүмкін емес.

Отандық ауыл шаруашылығының негізгі мәселелерінің бірі – ауылшаруашылық өндірістің ұсақтауарлық сипаты, өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендегі және оның сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмауымызда болып тұр. Өңдеуші кәсіп-орындардың техникалық артта қалуы олардың сату мүмкіндіктерін шектейді. Осы тамақ өнеркәсібі саласындағы терең дағдарыс білікті жұмыс күшінің кетуіне алып келді. Тағы бір маңызды мәселелердің бірі көліктік алшақтық, осының әсерінен бәсекеге қабілеттілікті жоғалтамыз. Ал, дұрыс инфрақұрылымның болмауы егіншаруашылығы мен мал шаруашылығына да тән нәрсе. Саланың институционалдық және инфрақұрылымдық артта қалуы, дамымауы жоғары операциялық шығындарға әкелетіні белгілі, яғни жоғары сапалы шикізатты сатып алу мүмкіндігі шектеулі. Ал өндіріс сараптамасы міндетті екенін ескерсек, тиелімдер мен жеткізілімдердің толық жеткізілмеу тәуекелінің де артып жатқандығын ұмытпау қажет.

Ауыл шаруашылығының қазіргі таңдағы жағдайы, шетелдік инвесторлар үшін тартымды емес, бұл салаға шетелдік инвесторлардың келуін күту де пессимистік дәрежеде деп айтуға болады. Жалпы елдің инвестициялық климатын жақсартудың жаңа кезеңін жүргізу жоспарлануда. Инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру ауыл шаруашылығы саласындағы тиімсіз бағыттарға ұзақ мерзімді салымдарды шектейді, ал бұл дегеніміз мемлекет мақсатты түрде осал, бірақ базалық негізі бар салаларды ғана нығайтып, күшейтуге тырысады деген сөз. Бірақ осы орайда субсидиялау бағдарламалары мен ауыл шаруашылығындағы өндірістік кооператив-тердің де күтілген нәтижелерді бермегендігін атап өту керек.

ДСҰ-ға біздің мемлекет қабылданды, ендігі жерде туындайтын негізгі мәселелер мыналар болуы мүмкін: кейбір импортталатын тауарларға пошлиналардың азаюы немесе толық жойылуы; шетелдік компаниялардың қазақстандық нарыққа енуінің кеңеюі; АӨК өнімдері экспортының мемлекеттік қаржылық көмектен бас тартуы; ауыл шаруашылығын ДСҰ нормаларына сәйкес дотациялау; АӨК салаларын субсидиялауды кезең-кезеңмен қысқарту; экспорттық пошлиналардан бас тарту; шет мемлекеттердегі аграрлық протекционизмнің аграрлық өндіріс пен экспортты қолдау мақсатында жоғарғы деңгейде пайдаланылуы.

Бастапқыда аграрлық саланың жетекші мамандары елдің ДСҰ-ға енуі ауыл шаруашылығы саласы мен азық-түлік қауіпсіздігіне қатер туғызатындығы жөнінде мәлімдеме жасаған. Бірақ, Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы са-

ласы шаруашылық құраушы дәстүрлі, негізгі салалардың бірі екені бұрыннан мәлім. Осыған орай ДСҰ – ға ену барысында ауыл шаруашылығы жетекші рольге ие болады деп болжанған. Яғни осы саланың басымдылығы жайлы сөз болғандықтан, мемлекеттік қолдау деңгейі де өскені белгілі. Осы қолдаудың арқасында кезінде мемлекеттің ДСҰ-ға ену мүмкіндігі де артты деп айтуға болады. Бұл қолдаудың негізгі мақсаты осы салада өндірілген өнімнің жартысын ТМД елдерінің нарықтарына 3 жылдың көлемінде экспорттауды ұлғайту еді.

ДСҰ-ға ену Қазақстаннан отандық өндірушілерге деген протекционизм деңгейін төмендетуді талап етеді. Ендігі жерде өнім түріне байланыссыз ауыл шаруашылығы саласы жалпы өнімнің 8,5% деңгейінде ғана субсидия түрінде мемлекеттік қолдауға ие бола алады: ереже бойынша мемлекет астық өндірушілерге көліктік (экспорттық) субсидиялар ұсына алмайды; 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін отандық ауылшаруашылық өндірушілері мен ауыл шаруашылығында қайта өңдеумен айналысатын субъектілерге берілетін ҚҚС жеңілдігі жойылуы қажет.

ДСҰ ішкі нарықта бәсекеге қабілетті ортаны қолдану мүмкіндігін ұсынады, яғни өнімді экспортқа жылжытуды ұлттық тауар өндірушіні қолдаудың рұқсат етілген арсеналын сауатты пайдалану арқылы жүзеге асыру. Осы арқылы барлық деңгейдегі қатысушылардың негізгі күштері ішкі және халықаралық бәсекеқабілеттілікке ие болып табылатын ұлттық ауыл шаруашылығы саласын қалыптастыруға бағытталуы қажет.

Қазақстанның АӨК үшін ДСҰ құрамында мүмкін артықшылықтар мыналар:

- ұлттық мүдделерді ескере отырып, ауылшаруашылық өнімдері, шикізат және азық-түліктің халықаралық сауда ережелерін қалыптастыруға қатысу мүмкіндігі;

- ұлттық тауар өндірушілер бірыңғайландырылған халықаралық құқықтық кеңістікке шығу арқылы, олар өз өнімдеріне транзит еркіндігін алады және сауда дискриминациясынан заңды тұрғыдан қорғалады;

- АӨК өнімдерінің сыртқы нарыққа шығуының қолжетімділік шарттары жақсарады және бәсекеқабілеттілік пен өнім сапасын жоғарлатудың қосымша жағдайлары туындайды.

Кері салдарлары:

- ұлттық тауарөндірушілерді қорғау мен мемлекеттік қолдаудың әлсіздігі;

- халықтың басым бөлігінің өмір сүру деңгейінің төмендігі;

- жалпы тауар қозғалысының және көтерме сауда жүйесінің тиімділігінің жоқтығы, инфрақұрылымның дамымауы;

- өнеркәсіптік және ауылшаруашылық тауарлары бағаларының диспаритеті (сәйкессіздігі мен айырмасы) мәселелері;

- АӨК төмен деңгейде жабдықталуы.

Жалпы кері салдарлар тізімінде екі негізгі мәселені бөліп көрсетуге болады: біріншісі – ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау деңгейімен байланысты, екіншісі – нарықты мемлекеттік реттеу тиімділігімен.

Осы болжанған кері салдарлардың қазіргі таңдағы әсерлерін қарастырайық. Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы құнының 8,5%-ы деңгейінде ауылшаруашылық саласына мемлекеттік қолдау көрсету мүмкіндігіне күрделі келіссөздер нәтижесінде қол жеткізді[1]. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 5%-ды құрайды. Негізінен тек ДСҰ нормаларына қайшы келетін жеңілдіктер ғана алынады, атап айтқанда, ҚҚС мен кедендік пошлиналарда төлеуден босатуға байланысты жеңілдіктер, яғни корпоративтік, жер салықтары және т.б. қатыстылары өз күшін жоймайды.

Келісімдер барысында Қазақстан ДСҰ-ға кірген соң отандық тауар өндірушілерді қолдаудың балама шарттарын дайындауға қажетті уақытқа қол жеткізді. Отандық тауарөндірушілер мен ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеумен айналысатын субъектілерді қолдау мақсатында 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін өтпелі кезең белгіленіп, келісілді. Осы уақыт аралығында ауыл-шаруашылық өндірушілері мен қайта өңдеушілер ҚҚС жеңілдіктерін ұлттық заңнамаға сәйкес қолдана алады.

Жалпы кейбір өзгерістер ғана болмаса, Қазақстан бұрыннан ДСҰ талаптарына сай шаруашылық жүргізуде, бұл жерде енді біздің міндеттемелерімізбен қоса ұйым мүшесі ретіндегі құқықтарымыздың пайда болатындығын ескеруіміз қажет.

Біз Ресей Федерациясымен бірге Кеден Одағындамыз, яғни бұл дегеніміз бірдей импорттық кеден пошлиналарын (баждарын) пайдаланатындығымызды көрсетеді. Ал РФ ДСҰ-на нарықты жоғарғы қорғау деңгейімен кірді, соған сәйкесті Бірыңғай Кедендік Тариф РФ-ның міндеттемелеріне сәйкестендірілген. Егер ДСҰ-ға енбей тұрған кездегі Кедендік Одақ ішіндегі БКТ-тің орташа арифметикалық ставкасы 18,6%-ды құраса, қазір РФ-ның міндеттемелеріне сәйкес ол 18,3%-ды құрайды. Кедендік статистика мәліметтері бойынша Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдері мен қайта өңдеу өнімдерінің тауарайналымы 20%-ға өскен яғни экспорттың өсу қарқыны жоғары болып тұр.

Қазіргі таңда Қазақстанның 90%-ға жуық тауарайналымы ДСҰ-ға мүше елдерге тиесілі. Бұл жерде тағы да ДСҰ-ға мүше болу – ол ауылшаруашылық саласына мемлекеттік қолдаудың барлық түрін алып тастауды білдірмейтіндігін атап өтуіміз керек.

ДСҰ аясында елдердің мемлекеттік қолдау саясатын 3 «себетке» бөлу арқылы қарастырады. Бұл жерде өнім өндірісі мен саудаға әсер етуімен байланысты қаржыландыру көлемдері мен негізгі іс-шаралар көрсетілген:

1. «Жасыл себет» (саудаға кері әсерін тигізбейтін және өндіріске жанама әсер ететін шараларды біріктіреді): инфрақұрылымды жетілдіру; зерттеу және жасақтау; мамандарды даярлау; ветеринарлық және фитосанитарлық іс-шаралар; кірісті сақтандыру және егінді сақтандыру бағдарламалары; нарықтық ақпаратты тарату, ауылшаруашылық өндірушілеріне кеңес беру және т.б.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі оған «жасыл себеттің» қолдау шараларына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстан ДСҰ-ның толыққанды мүшесі болған кезден бастап, осы ұйымда қабылданған «себеттер» бойынша қолдау шараларының сыныптамасы жүргізіледі.

«Жасыл себет» (Green Box Policies) шаралары мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Мұнда тұтынушылардан түскен табыстарды қайта бөлу және өндірушілерді бағаға қатысты қолдау шаралары қарастырылмайды.

2. «Сары(янтарь) себеті» (нарықты бұрма-лайтын шаралардан тұрады): несиелер пайызын, материалдық-техникалық ресурстар шығындарын субсидиялау және т.б. шаралар. Бұл себеттің көлемі әрбір мүше елдер үшін міндеттемелеріне сәйкес бекітіледі. Мемлекеттік қолдаудың шегі ауылшаруашылық өнім өндірісі көлемінің 5%-нан аспауы керек. Бірақ келісімде нақты «сары себетке» тиесілі мемлекеттік қолдау шараларының тізімі берілмеген. Осы уақытқа дейін үкіметтің осы «сары және көгілдір себет» шараларын қалай қолданатындығы жөнінде нақтылық жоқ. Ол үшін бағдарламаларды жасақтау мен сәйкесті мамандарды даярлауға уақыт қажет.

«Сары(янтарь) себетінің» шаралары – бұл қолдау шараларының жиынтығы, оған нақты өнімдер өндірісін қолдауды (азық-түліктік шаралар), және нақты өнімге қатысты жоқ қолдау шараларын (азық-түліктік емес шаралар) жатқызамыз. Яғни бұлар қолдаудың жиынтық шаралары деп аталады(AMS).

Азық – түліктік шаралар бағасы реттелетін кез-келген азық-түліктік өнімге қатысты есептеледі. Мысалы, бағаны тұрақтандыру бағдарламаларына қатысты немесе мемлекеттік интервенциялар және т.б. жағдайларда болуы

мүмкін. Сонымен қатар өнімнің ішкі және әлемдік деңгейдегі бағасы ескеріледі, мемлекеттік төлемдер көлемі немесе ішкі нарықтағы қажетті баға деңгейін қолдау үшін берілген салықтық жеңілдіктерде есептеледі. Мұндай жеңілдіктерге мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығына бөлінген дотацияларды, жеңілдікпен берілген несиелерді, отандық ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерді бағалық қолдауды жатқызамыз.

Азық-түліктік емес қолдау шаралары – материалдық, техникалық ресурстарға берілетін субсидиялар, несиелер және басқа да қаржылық қолдаулардың (ауылшаруашылық өнімдерін жеткізу жеңілдіктері) жиынтығы негізінде есептеледі.

Әрбір ДСҰ-ға мүше мемлекет «сары себет» аясында қолдау көлемдерін азайту бойынша міндеттемелер алмауына құқылы болып табылады. Бірақ бұл жағдайда, отандық қолдау көлемі ұлттық ауылшаруашылықтық өндірістің жиынтық өнімі құнының 5%-нан аспауы қажет.

Сонымен қатар егер де мемлекеттердегі жүргізіліп жатырған бағдарламалар нақты бір өнім түріне бағытталмаса (non-product-specificdomesticssupport), оны жоғарыда айтылған 5%-дық көлемнен аспайтын қолдау шаралары аясында белгілі бір бағдарламалар арқылы нақты өнімге байланыстырып қоюға болады (product-specificdomesticssupport). Мұндай жағдайда мемлекеттік қолдау көлемдерін шектеу мен төмендетуге жол берілмейді.

3.«Көгілдір себет» егін мен бекітілген егістік алқаптары және мал басымен байланысты ауылшаруашылықтық өндірісті шектеу шараларын қамтиды. Олар реттелмейді және мәліметтерді талап етпейді. «Көгілдір себет» шаралары өндірісті қысқарту бағдарламалары аясындағы тікелей төлемдермен байланысты.

Субсидиялар мен өтемақылық шараларға қатысты ДСҰ келісімдері өнеркәсіптік тауарларға қатысты субсидиялардың тек екі категориясы бойынша тыйым салады:біріншісі- ол экспорттық субсидиялар (оларды беру тауар экспортымен байланысты), екіншісі – импорталмастырушы субсидиялар (олар, сырттан келетін тауарлардың орнына отандық тауарларды қолданумен байланысты). ДСҰ сонымен қатар, «қызғылт- сары (orange)» немесе арнайы субсидияларды да белгілейді, бірақ оларға қол жеткізу экономикалық емес критерийлерге байланысты шектеулі болып табылады. Арнайы субсидияларды ДСҰ-ға мүше елдердің экономикасына зиянын тигізбейтін және ұйым талаптарына қайшы емес жағдайда, шектеусіз көлемде ұсынуға болады.


Сонымен, ДСҰ ережелері субсидиялауға толық тыйым салмайды, яғни экспорттық және

импорталмастырушы субсидияларынан басқаларына ғана, олардың қолданылмауы жөніндегі міндеттемелерге әрбір мүше-ел өзі жауап береді. Осыған сәйкес, Қазақстан ДСҰ мүшесі ретінде «қызғылт-сары» және «жасыл» субсидияларды шектеусіз ұсына алады, яғни осы арқылы отандық тауар өндірушілерді қолдайды. Дегенмен тәжірибе көрсеткендей, келіссөздер барысында қабылданған шешімдер сол кезеңде дұрыс көрінгенімен, іс жүзінде өндірушілерге қолайлы болмай тұр.

Қазақстан осы тұрғыда Ресей тәжірибесін зерделей отырып, импорттық баждарды кедендік-тарифтік реттеу көлемінің экспорттық баждарға да елеулі әсер ететіндігін ескеруі қажет.

Жалпы ДСҰ-ға жаңадан енген мемлекет үшін, өз елінде өндірілмейтін тауарларға немесе климаттық және басқа да себептерге байланысты шектеулі дәрежеде ғана шығарылатын өнімдерге, тарифтер ставкасын төмендеткен оңтайлы болып табылады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру аясында, ауылшаруашылық тауарларына тарифті 7,6% дейін қысқартуы тиіс, бұл Ресейдің алған міндеттемелерінен –10,8%-ға төмен. Аталған тауарлар тобы бойынша қарастырылған импорттық баждардың төмендеуі елеулі болады, себебі Қазақстандағы ағымдағы мөлшерлеме 14,1% құрайды, ал Ресей мен Беларусьте – 13,9%. (1-сурет).



Ескерту: MacMap ITC, Overview of the Kazakhstan's commitments, WTO

1-сурет. Ауылшаруашылық өнімдеріне қолданылатын тарифтің орташа мөлшерлемесі

Көріп отырғанымыздай, сүт өнімдері, ірімшік, сүзбе, сонымен қатар сыраға импорттық тарифтерде елдер арасында айырмашылық жоқ, сонымен бірге жұмыртқа мен көкөністер үшін Қазақстанда тарифтік мөлшерлеме төмен. Қантқа да импорттық тариф өртүрлі болады. Ресейлік баж ерекше болып табылады, және қызылша қанты үшін 1000 кг үшін 250 АҚШ долларын құрайды, ал құрақ қанты үшін 1000 кг –213 АҚШ доллар.

Қазақстан қанттың екі түрі үшін адвалорлық бажды қолданатын болады, бұл кезде құрақ қанты үшін тариф жеткілікті төмен және кіру сәтінен бастап 5% құрайды. Қант қызылшасы үшін түпкілікті байланыстырылған тариф 20% болуы тиіс, егер оны адвалорлық элементке қайта есептесе, бұл ресейлік баждың деңгейінен төмен.

Квота аясында импортталатын сиыр еті бойынша Қазақстанның тариф мөлшерлемесі Ресейдің түпкілікті байланыстырылған тарифімен сәйкес келеді. Дегенмен, квотадан

тыс жеткізілетін сиыр еті бойынша ол ресейліктерден 15 пайыздық пункт төмен болады. Жоғары сапалы сиыр еті үшін Ресей мен Қазақстандағы импорттық баж сәйкес келеді және 15% құрайды. Құс еті бойынша түпкілікті байланыстырылған мөлшерлеме Ресейге қарағанда 10 пайыздық пунктке төмен болады.

Қазақстанның ДСҰ кіруі Беларуське бірқатар бағыттар бойынша ықпал етеді. Біріншіден, ертерек атап өтілгендей, Қазақстанның түпкілікті байланыстырылған тарифтері Бірыңғай кедендік тарифтен ауыл шаруашылық және ауылшаруашылықтық емес 3500-нан астам тауарлық позициялары бойынша төмен болады. Сондықтан Қазақстанның кедендік баждары ЕЭО тарифтерімен сәйкес келтірілуі тиіс. Өз кезегінде, Еуразиялық экономикалық одақ, егер Қазақстан Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіру кезінде қарастырылған импорттық баждардың мөлшерлемелерін емес, БКТ шкаласын қолданатын болса, оларға шығын келтірілді деп



